

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2024 жылғы 11 желтоқсандағы №  
104 бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2024 жылы 12  
желтоқсанда № 35476 болып  
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек  
көрсетудің кейбір мәселелері туралы»  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21680 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:


кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

««Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 74), 77) тармақшаларына, 156-бабының 2-тармағына, 174-бабының 6-тармағына, 176-бабының 3-тармағына, 176-1-бабының 4-тармағына сәйкес»;

1-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«б) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес консультативтік байқауды көрсету қағидалары.»;

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес б-қосымшамен толықтырылсын;



көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшамен бекітілген психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. ПМБ бар адамдарды динамикалық байқау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау топтары, динамикалық байқауға алу, ауыстыру, тоқтату өлшемшарттарына, сондай-ақ байқау жиілігіне сәйкес жүзеге асырылады.»;

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ПМБ бар адамның динамикалық байқауға алу туралы жазбаша келісімі болған жағдайда, оған динамикалық байқау белгіленеді;»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Динамикалық байқаудағы ПМБ (F00-F99) бар барлық адамдарды дәрі-дәрмекпен, оның ішінде тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз ету қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылады.»;

12-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) динамикалық психиатриялық байқау топтарындағы ПМБ бар адамдарға динамикалық байқау көрсету үшін кемінде 12 ай есепке алу өлшемшарттарының болмауы, ремиссия мерзімі динамикалық наркологиялық байқау тобы үшін белгіленген динамикалық байқау мерзімінен 3 жылдан кем емес;»;

б) тармақша алып тасталсын;

қағидаларға қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшамен бекітілген психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабына сәйкес әзірленді және психикаға белсенді әсер ететін затты (бұдан әрі – ПБЗ) тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу тәртібін анықтайды.»;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыру (бұдан әрі – медициналық куәландыру) – психикалық денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жүргізілетін есірткілік, алкогольдік масаң күйде болу жағдайын және басқа да психикаға белсенді әсер ететін заттардан масаң күйде болу жағдайын анықтау мақсатында адамды зерттеп-қарау;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтауды тәулік бойы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен психиатр дәрігер немесе психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласында қосымша білім алған басқа мамандықтардың медицина қызметкері жүзеге асырады.»;

Көрсетілген қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**  
**Денсаулық сақтау министрі**

**А. Альназарова**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2024 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 104

Бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 25 қарашадағы  
№ ҚР ДСМ-203/2020  
бұйрығына 6-қосымша

## **Консультативтік байқау жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы консультативтік байқау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 176-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және консультативтік байқау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) консультативтік байқау – психикаға белсенді әсер ететін заттарды зиянды пайдаланатын адамды және (немесе) құмар ойындарға патологиялық құштарлығы бар адамды медициналық байқау;

2) психикаға белсенді әсер ететін заттарды зиянды пайдалану – тәуелділік синдромының белгілері жоқ физикалық және (немесе) психикалық және (немесе) құқықтық зардаптарға әкеп соққан медициналық емес мақсатта пайдалану.

### **2-тарау. Консультативтік байқау тәртібі**

3. Егер адам мамандандырылған көмексіз қалатын болса, психикаға белсенді әсер ететін заттарды (алкоголь мен темекіден басқа) зиянды тұтынған адамға және (немесе) аурудың даму немесе өршу тәуекелінің алдын алу

мақсатында құмар ойындарға патологиялық әуестігі бар адамға (ауыр, өзгемейтін сипат алған, асқынған ауыр белгілері жиі болатын созылмалы немесе ұзаққа созылған бұзылушылыққа немесе айқын әлеуметтік бейімделуге ауысуына) консультативтік байқау белгіленеді.

4. Консультативтік бақылау психикалық, мінез-құлық бұзылушылықтары (бұдан әрі – ПМБ) бар адамдарды консультативтік бақылау топтарына, консультативтік бақылауға алу, ауыстыру, тоқтату өлшемшарттарына, сондай-ақ осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес байқау жиілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Консультативтік байқау психиатр дәрігердің тұрақты қарап-тексерулері арқылы адамның психикалық денсаулығының жай-күйін байқауды және оған қажетті медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді көздейді.

6. Психикалық жай-күйі өзгерген және/немесе байқаудан жалтарған кезде консультативтік байқаудағы адам куәландырудан өтеді және психиатр дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша динамикалық байқауға ауыстырылады.

7. Консультативтік байқаудағы адамдар туралы мәліметтер контингентке кірмейді және статистикалық есепке алу үшін электрондық ақпараттық жүйелерде (бұдан әрі – ЭАЖ) тіркеледі.

8. Консультативтік байқаудан алу не динамикалық байқау тобына ауыстыру учаскелік психиатр дәрігердің ұсынымы бойынша дәрігерлік консультациялық комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

9. Консультативтік байқауда тұрған адамдар оң динамика болған және 12 ай ішінде аурудың қайталануы болмаған кезде консультативтік байқаудан алынады.

10. Консультативтік байқау кезінде психикалық денсаулық кабинетінің немесе бастапқы психикалық денсаулық орталығының психиатриялық бейіндегі дәрігері мыналарды жүзеге асырады:

- 1) клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностикалық іс-шаралар;
- 2) клиникалық хаттамаларға сәйкес емдеуді тағайындау (қажет болған жағдайда);
- 3) консультативтік байқау, сондай-ақ консультативтік байқауды тоқтату туралы мәселені шешу;
- 4) ПМБ бар адам туралы ақпаратты ЭАЖ-ға енгізу;

5) консультативтік байқауды жүзеге асыру;

6) ПМБ бар адамдарды зерттеп-қарауға және (немесе) емдеуге, медициналық-әлеуметтік оңалтуға аумақтық психикалық денсаулық орталығына немесе «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберу (көрсетілімдер бойынша).

11. Консультативтік байқау кезінде психолог психикалық-профилактикалық іс-шараларды, психологиялық консультация беруді, эксперименттік психологиялық зерттеп-қарауды және психикалық түзетуді жүргізеді.

**Психикалық, мінез-құлықтық  
бұзылушылықтары (аурулары)  
бар адамдарды консультативтік байқау,  
сондай-ақ консультативтік байқауды  
тоқтату қағидаларына  
қосымша**

**Психикалық, мінез-құлықтық  
бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды консультативтік байқау  
топтары, консультативтік байқауға алу, ауыстыру, алып тастау  
өлшемшарттары, сондай-ақ байқау жиілігі**

№	Консультативтік байқау тобы	Алу өлшемшарттары	Байқау мерзімділігі	Консультативтік байқауды тоқтату өлшемшарттары
1	2	3	4	5
1	Есірткі заттарын тұтынудан туындаған ПМБ бар адамдар, зиянды тұтынудан (АХЖ-10 коды F1x.1)	Есірткі заттарын тұтынудан, зиянды тұтынудан туындаған ПМБ,	12 ай (алғашқы 6 айда – айына кемінде 1 рет, одан әрі тоқсанына кемінде 1 рет)	Консультативтік байқаудың белгіленген мерзімінен 12 ай ішінде аурудың қайталануының болмауы
2	ПМБ бар – құмар ойындарға патологиялық әуестігі бар адамдар (АХЖ-10 коды F63.0)	Құмар ойындарға патологиялық әуестік		



Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2024 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 104 Бұйрығына  
2-қосымша

Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау, сондай-ақ динамикалық байқауды тоқтату қағидаларына  
1-қосымша

**Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды динамикалық байқау топтары, динамикалық байқауға алу, ауыстыру, тоқтату өлшемшарттары, сондай-ақ байқау жиілігі**

№	Динамикалық байқау тобы	ПМБ бар адамдарды динамикалық байқауға алу өлшемшарттары	Байқау мерзімділігі	ПМБ бар адамды басқа топқа ауыстыру өлшемшарттары	ПМБ бар адамды динамикалық байқауды тоқтату өлшемшарттары
1	2	3	4	5	6
1	Динамикалық психиатриялық байқаудың 1-тобы	Психикалық жай-күйі бойынша әлеуметтік-қауіпті әрекеттерге бейім, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау тәуекелі бар, сондай-ақ есі дұрыс емес күйде аса қауіпті әрекеттерді жасаған және сот шешімімен амбулаториялық мәжбүрлеу емдеу түріндегі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары анықталған адамдар.	айына кемінде бір рет	осы жолдың 3-бағынында көрсетілген енгізу өлшемшарттары	ЭАЖ-да «сауығу, тұрақты жақсару» деп көрсете отырып, 3-бағанда көрсетілген өлшемшарттардың болмауы, кемінде 12 ай; қызмет көрсетілетін аумақтан тыс жерлерге бару арқылы тұрғылықты жерін өзгерту; ЭАЖ-да «мәліметтердің болмауы» деп көрсете отырып, учаскелік полиция инспекторының баянатымен және учаскелік мейіргердің екі айда кемінде 1 рет патронажымен расталған 12 ай ішінде орналасқан жері туралы нақты мәліметтердің болмауы; «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-
2	Дина-	ПМБ бар, оның ішінде F8 және F9 диагностикалық айдарларында көрсетіл-			

	микалық психиатриялық байқаудың 2-тобы	ген ПМБ қоспағанда психикалық ауруы бойынша мүгедектігі бар деп танылған адамдар; анықталғаннан кейін бір жыл бойы F20 «Шизофрения» диагнозы бар адамдар (бұл ретте мүгедектігі бар адам деп танылған жағдайда ол динамикалық психиатриялық байқаудың 2- тобында байқаудан өтуді жалғастырады)		ры-ның болмауы, кемінде 12 ай	175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес бекітілген № 045/е нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлік негізінде және (немесе) ЭАЖ-да «өлім» деп көрсете отырып, бекітілген халық тіркеліміндегі деректермен расталған өлім;  сондай-ақ динамикалық психиатриялық байқаудың 2-тобында есепте тұрған «Шизофрения» F20 диагнозы бар адамдар үшін: динамикалық байқауға алынған сәттен бастап 12 ай ішінде мүгедектік тобы белгіленбеген жағдайда.
3		2А – психотикалық симптоматиканың жиі және айқын асқынулары, д-екомпенсациялары бар, тегін амбулаториялық емдеу шеңберінде психофармакотерапияны қажет ететін адамдар, оның ішінде F8 және F9 диагностикалық айдарларында көрсетілген ПМБ бар адамдар	үш айда кемінде бір рет		
4		2Б – жай-күйі тұрақтанған, орташа прогрессивті процесс ағымы және аяқ астынан болатын ремиссиялары бар адамдар.	алты айда кемінде бір рет		
5	Динамикалық наркологиялық байқау тобы	1) Сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеу үшін бөлімшелерге жіберілген адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 2) Сот-наркологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде сот шешімі бойынша ем тағайындалған адамда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 3) Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған бас бостандығынан айыру орындарынан жіберілген адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 4) Стационарлық емдеу жағдайында ПБЗ тұтыну салдарынан психотикалық бұзылушылықты бастан кешіргеннен кейін ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 5) Әлеуметтік қауіпті әрекеттерге бейім адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 6) Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарына 6 ай ішінде екі рет орналастырылған адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ; 7) Динамикалық байқауға өз еркімен келісім берген адамдарда ПБЗ тұтыну салдарынан болған ПМБ.	тұлғаның жеке ерекшеліктеріне және аурудың ағымына байланысты жылына кемінде алты рет		ЭАЖ-да «сауығу, тұрақты жақсару» деп көрсете отырып, ремиссия мерзімі белгіленген динамикалық байқау мерзімінен 3 жылдан кем емес;  қызмет көрсетілетін аумақтан тыс жерлерге бару арқылы тұрғылықты жерін өзгерту;  ЭАЖ-да «мәліметтердің болмауы» деп көрсете отырып, учаскелік полиция инспекторының баянатымен және учаскелік мейіргердің екі айда кемінде 1 рет патронажымен расталған 12 ай ішінде орналасқан жері туралы нақты мәліметтердің болмауы;  «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес бекітілген № 045/е нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлік негізінде және (немесе) ЭАЖ-да «өлім» деп көрсете отырып, бекітілген халық тіркеліміндегі деректермен расталған өлім.

## Бұйрығына 3-қосымша

Психикалық, мінез-құлықтық  
бұзылушылықтары (аурулары)  
бар адамдарды динамикалық  
байқау, сондай-ақ динамикалық  
байқауды тоқтату қағидаларына  
2-қосымша

### Динамикалық байқауды жүргізуге жазбаша келісім/бас тарту бланкісі

Мен, \_\_\_\_\_ ЖСН

(Мен, баланың/күтім жасалатын адамның \_\_\_\_\_ ЖСН

\_\_\_\_\_ ата-анасы (қамқоршысы))

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша тұрамын,  
наркологиялық аурудың (диагноз: \_\_\_\_\_) болуына байланысты  
медициналық-әлеуметтік-құқықтық аспектілер және және динамикалық  
байқаудан бас тартудың ықтимал салдары туралы хабардар болдым.

Мен, \_\_\_\_\_ (Мен, \_\_\_\_\_ баланың/күтім  
жасалатын адамның \_\_\_\_\_ ата-анасы (қамқоршысы)) динамикалық  
байқаудан бас тартамын.

Мен, \_\_\_\_\_ (Мен, \_\_\_\_\_ баланың/күтім  
жасалатын адамның \_\_\_\_\_ ата-анасы (қамқоршысы)) динамикалық  
байқауға келісемін және динамикалық байқау жүргізу қағидалары, қарап-  
тексерулерді өткізу кезеңділігі, зертханалық және аспаптық зерттеулер, байқау  
мерзімдері туралы хабардар болдым.

Қолы Күні

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2024 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 104  
Бұйрығына 4-қосымша

Психикалық, мінез-құлықтық  
бұзылушылықтары (аурулары)  
бар адамдарды динамикалық  
байқау, сондай-ақ динамикалық  
байқауды тоқтату қағидаларына  
1-қосымша

**Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және  
масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландыру қорытындысы**

Осы факт бойынша куәландыру бастапқы, қайталама (қажеттісінің астын  
сызу).

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Жасы (туған жылы)

Жеке басын растайтын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық  
құжат (болған кезде)

Жұмыс орны, лауазымы

Кім және қашан куәландыруға жіберді (нақты уақыты) немесе өзі жүгінді

Куәландыру күні және нақты уақыты

Кім куәландырды (дәрігер, фельдшер, мейіргер)

2. Куәландырудың себебі:

---

### 3. Куәландырылушының сыртқы түрі:

---

4. Мінез-құлық: шиеленісті, жабық, тітіркенген, қозған, агрессивті, эйфориялық, сөйлейтін, мазасыз, тұрақсыз көңіл-күй, ұйқышылдық, тежелген, өзінің жағдайына шағымдар, тыныш (қажеттісінің астын сызу)

---

### 5. Сананың жай-күйі, орынға, уақытқа, жағдайға және жеке тұлғаға бағдарлау

---

6. Сөйлеу қабілеті: сөйлеудің байланыстылығы, артикуляцияның бұзылуы, түсініксіз сөйлеу

---

7. Вегетативтік-тамырлық реакциялар (тері жабындарының, көздің, тілдің шырышты қабықтарының жай-күйі, тершеңдік, сілекейдің ағу)

---

Тыныс алу: жылдам, баяу \_\_\_\_\_

Пульс \_\_\_\_\_ артериялық қысым \_\_\_\_\_

Көз қарашықтары: тарылған, кеңейтілген, жарыққа реакция

---

Жан-жағына қараған кездегі нистагм \_\_\_\_\_

8. Қозғалу аясы \_\_\_\_\_

Мимика: енжар, жанды \_\_\_\_\_

Жүру (теңселу, жүру кезінде аяқтың жан-жаққа кетуі), бұрылу арқылы жүру (бұрылу кезінде теңселу) \_\_\_\_\_

Ромберг позасындағы тұрақтылық \_\_\_\_\_

Дәл қозғалысы (монетаны еденнен көтеру, саусақ-мұрын сынамасы)

\_\_\_\_\_ Қабақтың,  
тілдің, саусақтардың дірілдеуі \_\_\_\_\_

9. Нейропсихиатриялық аурулардың, мидың органикалық зақымдануы, физикалық шаршау белгілері бар ма. Бастан өткерген жарақаттар (куәландырылушының сөзінен)  
Бастан өткерген жарақаттар (куәландырылушының сөзінен)

---

10. Алкогольді, психикаға заттарды соңғы қолдану туралы мәліметтер: субъективті, объективті (құжаттар бойынша, сөздер бойынша)

---

11. Алкогольдің иісі \_\_\_\_\_

12. Шығарылатын ауада және организмнің биологиялық ортасында алкогольдің болуы:

а) ауа аспапта зерттелді \_\_\_\_\_

Зерттеу уақыты мен нәтижелері \_\_\_\_\_

қайта зерттеу \_\_\_\_\_

б) биологиялық орта (орталар) (несеп, сілекей, қан) зерттелді

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ әдістері \_\_\_\_\_ сынама алу уақыты

\_\_\_\_\_

Зерттеу уақыты мен нәтижелері

\_\_\_\_\_

13. Медициналық тексеріп-қараудың немесе ұсынылған құжаттардың басқа да деректері

\_\_\_\_\_

14 Қорытынды (куәландырылушының жай-күйі психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдалану фактісін және мас болу жай-күйін анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидаларының 13-тармағында көзделген тұжырымдамаларда сараланады):

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Куәландыруды жүргізген медицина қызметкерінің қолы

\_\_\_\_\_

Куәландыру нәтижесімен таныстым

\_\_\_\_\_

(куәландырылатын адамның қолы)

Куәландыру нәтижелерімен таныстым, бірақ қол қоюдан бас тарттым

\_\_\_\_\_

Медицина қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы

---

Куәгерлер (мүдделі емес адамдар) (куәландырылатын адам болып жатқан оқиғаларды бағалай алмаған және (немесе) медициналық куәландырудан және (немесе) танысудан және (немесе) қол қоюдан бас тартқан жағдайда):

1. \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

2. \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

Ескертпе.

Психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес куәландырылатын адам не оны жеткізген лауазымды адам медициналық куәландыру нәтижелерімен келіспеген кезде қайта медициналық куәландыру жүргізіледі.